

ХИМИЯЛЫҚ ӨНІМНІҢ ҚАУІПСІЗДІК ПАСПОРТЫ

Сәйкестендіру № _____ « _____ » _____ 20__ ж.

20__ ж. « _____ » _____ № _____ тіркелген

20__ ж. « _____ » _____ дейін жарамды

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
Индустриялық даму комитеті

(тіркейтін органның атауы)

Өндіруші/Жеткізуші атауы мен деректемелері:

«БАҒАШАР МЕКЕН» ЖШС, БСН 090440002768
Өндіріс орнының мекен жайы (зауыт): Қазақстан Республикасы, Алматы облысы,
Қонаев қ., Сейфуллин көш., 2/3.

Пошталық мекен жайы: Алматы қ., "Нұрлы ТАУ" БО, блок 4Б.

Тел.: +7 (727) 339 15 65, e-mail: info@bagashar.kz, bagashar.kz@mail.ru

(занды тұлғаның атауы, БСН, СТН, мекен-жайы)

Банктік деректемелер:

е/ш (теңге) KZ 4696502F0008802642 «ForteBank» АҚ филиалында

БСК: IRTYKZKA

Топтама нөмірі мен топтама өлшемі _____

Химиялық өнімнің атауы

NORD CARBOXYLATE (АНТИФРИЗ) салқындатқыш төмен қататын сұйықтық

(химиялық өнімнің толық атауы)

СЭҚ ӨЖ коды 20.59.43

СЭҚ ТН коды 3820000000

ЖШС СТ 090440002768-06-2019 Салқындатқыш төмен қататын сұйықтық
№1 өзгерістерімен

(өнім өндірісіне арналған нормативтік құжаттың атауы мен белгіленуі)



(қолы)

Поезжалов И.В.
(шешу)

1. Химиялық өнімнің (заттың [препараттың]) және өндірушінің атауы.

1.1 Заттың атауы (техникалық): Салқындатқыш төмен қататын сұйықтық

Саудалық атауы: **NORD CARBOXYLATE (АНТИФРИЗ)** салқындатқыш төмен қататын сұйықтық

Синонимдері: жоқ

Химиялық атауы (IUPAC): жоқ.

EINECS бойынша нөмірі: жоқ.

CAS нөмірі: жоқ.

1.2 Қолдану бойынша қысқаша ұсыныстар (соның ішінде қолдану бойынша шектеулер): **NORD CARBOXYLATE (АНТИФРИЗ)** салқындатқыш төмен қататын сұйықтық (ары қарай мәтін бойынша – СС/сұйықтық) премиум (өте жоғары) іштен жану қозғалтқыштарын салқындатуға арналған, сондай ақ, түрлі жылуалмастырғыш аппараттарда төмен және орташа температураларда жұмыс жасайтын жұмыс сұйықтығы ретінде қолданылады.

NORD CARBOXYLATE (АНТИФРИЗ) саудалық атауы бар салқындатқыш төмен қататын сұйықтықтың концентраты концентрленген этиленгликоль (судың массалық үлесі $\leq 5\%$) мен жемірілу ингибиторларының пакетінен (6% дейін) құралған.

Жемірілу ингибиторларының пакеті – салқындатқыш сұйықтықты дайындауға арналған органикалық заттардың қоспасы. Оның құрамында нитриттер, аминдер, силикаттар, бораттар немесе фосфаттар жоқ, ал негізін органикалық қышқылдардың тұздары құрайды - карбоксилатты (OAT) технология.

Этиленгликоль мен жемірілу ингибиторларының пакеті бекітілген рецептура бойынша араластырылғанда салқындатқыш сұйықтықтың концентраты ОЖ-К алынады, ал оны ары қарай сумен араластырғанда – қолдануға дайын салқындатқыш сұйықтықтар алынады. Бұл сұйықтықтар іштен жану қозғалтқыштарда қолданылатын барлық металдар мен құймалардың керемет коррозияға қарсы қорғанысын қамтамасыз етеді.

Салқындатқыш сұйықтықтың концентраты жұмыс сұйықтығы болып табылмайды және тек қана сұйылтылған күйде қолданылады.

«ОЖ-65» және «ОЖ-50» салқындатқыш сұйықтықтары «ОЖ-К» концентратының сулы ерітіндісі болып табылады, сәйкесінше:

«ОЖ-65»: концентраттың көлемдік үлесі 65%, судың көлемдік үлесі 35%;

«ОЖ-50»: концентраттың көлемдік үлесі 50%, судың көлемдік үлесі 50% [1].

Қолдану саласы: автокөлік және химиялық өнеркәсіпте, жылуэнергетикасында және т.б.

Тағайындалуы бойынша қолданғанда шектеулер жоқ [1].

1.3 Шұғыл кеңес беру және көмек көрсету телефондары:

«БАҒАШАР МЕКЕН» ЖШС. Тел.: +7 (727) 339 15 65 (сағ. 9.00-ден 18.00-ге дейін, сенбі, жексенбі күндерінен басқа)

Өрт сөндіру қызметі 101 (тәулік бойы, қоңырау соғу тегін).

Жедел жәрдем 103 (тәулік бойы, қоңырау соғу тегін).

ҚР ТЖ бойынша департаменті: 112 (тәулік бойы, қоңырау соғу тегін).

2. Тәуекелдікті(терді) анықтау

2.1 Химиялық өнімнің қауіптілігі туралы мәліметтер: салқындатқыш сұйықтық өрт- жарылысқа қауіпсіз, ағзаға әсер ету дәрежесі бойынша


қауіптіліктің 3-ші класына (қауіптілігі орташа) заттарға жатады [2]. Жұтып қойғанда қауіпті. Көздерге тигенде орташа тітіркендіреді: қауіптілік класы 2А, теріге тигенде аздап тітіркендіреді: қауіптілік класы 3. Теріге жиі тигенде тітіркендіріп, құрғатады [3-5].

Салқындатқыш сұйықтығының уыттылығы оның құрамына енетін этиленгликоль бойынша анықталады, ол негізгі қатпайтын құрамдас болып табылады.

Жұмыс аймағы ауасындағы шекті рауалы концентрациясы (ШРК_{ж.а.а.}) өнім бойынша мәлімет жоқ, этиленгликоль бойынша 10/5,0 мг/м³ (ағзаға әсері бойынша қауіптіліктің 3 класы) [6].

2.2 Қоршаған ортаға және адам денсаулығына қауіптілік сипаттамалары: негізгі қауіпті құрамдасы моноэтиленгликоль болып табылады. Ағзаға әсері бойынша қауіптіліктің 3 класы. Жалпы уытты және есірткі тәрізді әсері бар. Жүйке жүйесіне және бүйректерге әсер етеді (тамырлық улы зат). Жұтып қойғанда қауіпті. Көздердің шырышты қабаттарына және теріге тигенде тітіркендіреді. Этиленгликоль қалыпты температурада ұшпалы зат емес, булары аса уытты емес, тек созылмалы улағанда қауіпті болады. Оның тұманы қауіпті болады, бірақ оны жұтқанда тітіркену және жөтел улануды себептері ретінде дереу байқалады. Бала туу қабілетіне кері әсер етуі мүмкін. Этиленгликоль және оның ерітінділері адам ағзасына түскенде орнына келместей зақымдап, тіпті өлімге шалдықтыруы мүмкін. Қоршаған ортаны ластауы мүмкін [3 - 5].

Ескерту таңбалау [7-9]:

1	<i>Өндіруші/Жеткізуші:</i> «БАҒАШАР МЕКЕН» ЖШС Өндіріс орнының мекен жайы (зауыт): Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Қонаевқ., Сейфуллин көш., 2/3. Пошталық мекен жайы: Алматы қ., "Нұрлы ТАУ" БО, блок 4Б. Тел.: +7 (727) 339 15 65, e-mail: info@bagashar.kz, bagashar.kz@mail.ru
2	<i>Өнімнің атауы:</i> NORD CARBOXYLATE (АНТИФРИЗ) салқындатқыш төмен қататын сұйықтық
3	<i>Қауіптілік түрі:</i> жанбайтын, қауіптілігі орташа зат
4	<i>Массасы:</i>
5	<i>Топтама нөмірі:</i>
6	<i>Өндірілген (шығарылған) күні және жарамдылық мерзімі:</i> шығарылған күннен бастап 5 жыл
7	<i>Стандартты қауіптілік символдары:</i> 
<i>Сигналдық сөз: «Абайлаңыз»</i>	
<i>Қауіптіліктің қысқаша сипаттамасы:</i> H302 - Жұтып қойғанда зиянды H319: Көздерге тигенде орташа тітіркендіреді H316: Теріге тигенде аздап тітіркендіреді H373: Жиі әрі ұзақ әсер еткенде мүшелерді зақымдауы мүмкін.	
<i>Қауіпсіздік шаралары:</i> P201 Қолданар алдында арнайы нұсқаулықтар алу керек P261 - Шаң/түтін/газ/тұман/булары/аэрозольдерін иіскемеңіз P262 - Көзге, теріге және киімге тигізбеңіз. P280 - Қорғаныс көзілдіріктерін/ киімді/ қолғап пен бетті қорғайтын құралдарды қолданыңыз P301+312: ЖҰТЫП ҚОЙҒАНДА: Нашар сезінгенде токсикологиялық орталыққа/немесе	

маманға көріну керек.

P302+P352 ТЕРІГЕ ТИГЕНДЕ: сабынды сумен мұқият жуыңыз.

P332 + P313: Тері тітіркенгенде дәрігерге көрініңіз.

P305 + P351+P358 КӨЗГЕ ТИГЕНДЕ: абайлап бірнеше минут бойы жуыңыз.

P337 + P313: Көздер тітіркенгенде дәрігерге көрініңіз.

Әсер етуінің мүмкін жолдары: булары/аэрозольдерімен тыныс алғанда, теріге және көзге тигенде, асқазанға түскенде.

Әсер ету симптомдары:

- ингаляциялық әсер еткенде: ауадағы буларын/аэрозольдерін жұтқанда респираторлық трактіні тітіркендіреді: ауыр дем алу, тамақтың ауруы және жөтел; ұзақ әсер еткенде ұйқыны келтіріп, қысқа мерзімді наркоз, кейде естен тандыру [5]

- көзге тигенде шырышты қабаттарын, конъюктиваларды тітіркендіреді: ауру, жас ағу, қызару;

- теріге әсері: аз уақыт ұзақ емес әсер еткенде әлсіз тітіркендіру туындайды, ол терідегі жараға тигенде ұлғая түседі, сулы теріге тигенде ашытып, қышытады, тітіркендіреді, бұзылмаған тері арқылы сіңеді;

- ішке жұтқанда (абайсызда): аз мөлшерде уытты әсері болмауы да мүмкін, көп жеп қойғанда асқазан-ішектің жұмысының бұзылуы, жүрек айнып, құсу, диарея; этиленгликольдің өлімге шалдықтыратын мөлшері 100 мг [5].

Жұмыстар санаты - жеңіл I б [6].

Түрлі орталардағы гигиеналық нормативтері (атмосфералық ауадағы, судағы, соның ішіндегі балық шаруашылығы суларында да, топырақта): жалпы өнім бойынша мәлімет жоқ, қауіпті құрамдасы этиленгликоль бойынша:

Атмосфералық ауадағы ШҚӘД, мг/м³: 1,0 [6].

Мәдени-тұрмыстық су қолдану объектілерінің суларында, мг/л: 1,0 (сан.-токс., 3 класс) [10].

Балық шаруашылығы суларындағы ШПК, мг/л: 0,25 (сан., 4 класс) [11].

Топырақтағы ШПК: нормаланбаған [12].

Қоршаған ортаға әсері: 12 бөлімде көрсетілген.

3. Химиялық заттар туралы ақпарат/ құрамы

3.1 Өнім туралы жалпы мәлімет: NORD CARBOXYLATE (АНТИФРИЗ) салқындатқыш төмен қататын сұйықтық - концентрат және жұмыс сұйықтығы (суда ерітілген сұйықтықтар) болып табылады.

NORD CARBOXYLATE (АНТИФРИЗ) саудалық атауы бар салқындатқыш төмен қататын сұйықтықтың концентраты концентрленген этиленгликоль (судың массалық үлесі $\leq 5\%$) мен жемірілу ингибиторларының пакетінен (6% дейін) құралған.

Жемірілу ингибиторларының пакеті – салқындатқыш сұйықтықты дайындауға арналған органикалық заттардың қоспасы. Оның құрамында нитриттер, аминдер, силикаттар, бораттар немесе фосфаттар жоқ, ал негізін органикалық қышқылдардың тұздары құрайды - карбоксилатты (OAT) технология.

Этиленгликоль мен жемірілу ингибиторларының пакеті бекітілген

рецептура бойынша араластырылғанда салқындатқыш сұйықтықтың концентраты ОЖ-К алынады, ал оны ары қарай сумен араластырғанда – қолдануға дайын салқындатқыш сұйықтықтар алынады. Бұл сұйықтықтар іштен жану қозғалтқыштарда қолданылатын барлық металдар мен құймалардың керемет коррозияға қарсы қорғанысын қамтамасыз етеді.

Салқындатқыш сұйықтықтың концентраты жұмыс сұйықтығы болып табылмайды және тек қана сұйылтылған күйде қолданылады.

«ОЖ-65» және «ОЖ-50» салқындатқыш сұйықтықтары «ОЖ-К» концентратының сулы ерітіндісі болып табылады, сәйкесінше:

«ОЖ-65»: концентраттың көлемдік үлесі 65%, судың көлемдік үлесі 35%;

«ОЖ-50»: концентраттың көлемдік үлесі 50%, судың көлемдік үлесі 50% [1].

3.2 Қауіпті құрамдастары бойынша ақпарат.

Қоспаның негізгі қауіпті құрамдасы моноэтиленгликоль (ГОСТ 19710) болып табылады, сипаттамалары 2 кестеде көрсетілген.

Этиленгликoль - екі атомдық спирт, полиолдардың (көп атомдық спирттердің) қарапайым өкілі.



RTECS: W2975000

IUPAC бойынша химиялық атауы: Этан-1,2-диол

Синонимдері: этиленгликоль; моноэтиленгликоль; гликоль; 1,2-диоксиэтан; этандиол-1,2.

Химиялық формуласы: $C_2H_6O_2$; $HO-CH_2-H_2-OH$

Құрылымдық формуласы:



Молекулалық массасы: 62,068 г/моль

2 кесте

Құрамдастарының атауы	ШРК ж.а.а., мг/м ³ [6]	Қауіптілік класы [2]	CAS нөмірі	ЕС нөмірі
Этиленгликоль	10/5	3	107-21-1	203-473-3

4. Алғашқы көмек шаралары

4.1 Алғашқы көмек көрсету шаралары:

Буларын/аэрозольдерін жұтқанда: зардап шегушіні дереу таза ауаға шығарыңыз, жылылықты, тыныштықты (жартылай отырғызып) қамтамасыз етіңіз, киімінің түймелерін шешіңіз. Тыныс алу жолдарын тазарту мақсатында сіңбіргісі келсе ол дұрыс, ауызды шайыңыз, бірақ су ішпеңіз. Тыныс алуы қиындаса оттегі беріңіз. Егер симптомдары қайтпаса, медициналық көмекке жүгініңіз.

Теріге тигенде: кірленген киімді, аяқ киімді шешіңіз, теріні сабынмен мұқият жуыңыз. Әрі қарай пайдаланудың алдында киімді жуыңыз. Егер тітіркендіру кетпесе, дәрігерге барыңыз.

Көзге тигенде: көзді уқаламаңыз, 15 минут бойы таза ағын судың көп мөлшерімен дереу мұқият жуу керек. Аса мұқият жуу үшін, қабақты көз

қарашығынан тарту керек. Күшті тітіркеніп, конъюктива қатты қызарса 30 %-тік натрий сульфацилінің ерітіндісін тамызыңыз. Егер симптомдары кетпесе, дәрігер-офтальмологтың көмегіне жүгініңіз.

Ауыз арқылы уланғанда (кездейсоқ жұтып қойғанда): ауызды жеткілікті су мөлшерімен шайыңыз. Құсықты тудырмаңыз! Құсық өзінен туындаса, құсық өкпеге түсіп кетпес үшін, зардап шеккеннің басын көтеріңіз. Міндетті түрде ауруханаға жатқызу керек [5]

4.2 Алыс салдарлары туралы мәлімет: 11 бөлімді қараңыз.

4.3 Алғашқы көмек көрсету үшін: жалпы тағайындалған қобдиша, көп мөлшерде су, таза мақта, көзді жууға арналған былауша, 30 %-тік натрий сульфацилінің ерітіндісі, оттегі жастықшасы болу керек.

4.4 Медициналық тексерістер жүргізу қажеттілігі туралы нұсқаулар: алыс салдарларын айқындау мақсатында жұмысшылар жылына кем дегенде бір рет мерзімді тексерістен өтуі тиіс.

Өніммен жұмыс істеуге тыныс алу мүшелері, тері, көз, асқазан-ішек жолдарының, бауыр мен бүйректің созылмалы аурулары бар; аллергиялық реакцияға бейім, адамдарды, жүкті және бала емізетін, 18 жасқа толмаған адамдар жіберілмейді [1].

Арнайы антидоттар: этиленгликольмен уланғанда уытты қайтарушылар болып этанол және 4-метилпиразол есептеледі. Этил спирті антидот болу себебі - этиленгликольдің түрөзгерісін болдырмайды және оның улы метаболиттерінің айналымын тежейді, бұл этил спиртінің жүйенің ферменттік тотығу үдерістеріне бәсекелес болуына орай жүзеге асырылады. Этил спирті мүмкіндігінше ертерек берген жөн: бір мезгілде дереу 50% ерітінді 1 - 1,5 мл/кг есеппен, ал содан соң әрбір 2 сағат сайын 4 күн бойы 0,5 - 1 мл/кг мөлшерде [5].

4.5 Кейбір дәрілерді қолдануға қарсы көрсетілімдер: мәлімет жоқ. Естен танған адамның аузына ешқашан ештеңе бермеңіз.

Кейбір іс-шараларға қолдануға қарсы көрсетілімдер: құсық тудырмаңыз!

Дәрігерге ескерту: емдеу тәсілі симптоматикалық және бірқалыпты ұстап тұру арқылы.

5. Өртке қарсы шаралар

5.1 Өрт-жарылыс қауіптілігінің жалпы сипаттамасы: салқындатқыш сұйықтық – жанбайтын, жарылысқа қауіпсіз материал. Сулы ерітінді жалындамайды [1].

Этиленгликоль — жанатын зат. Буларының лап етіп тұтану температурасы 120 °С. Өздігінен жалындау температурасы 380 °С. Буларының ауада жалындауының температуралық шектері, °С: төменгі — 112, жоғарғы — 124. Ауадағы юуларының жалындау шектері төменнен жоғары қарай, 3,8- 6,4 % (көлемі бойынша) [13].

5.2 [14] талаптары бойынша жалпы өрт қауіпсіздігі шаралары: материалмен жұмыс жүргізілетін жайларда пайдалану кезінде тұтану көздері түзілмейтін жабдықты қолдану; үймереттерді, ғимараттарды және жабдықтарды найзағайдан қорғау құрылғыларын қолдану. Өндірістік жайлар мен қоймалар өрт сөндіру құралдарымен (өрт сөндіру краны, ұнтақты өрт сөндіргіштер, асбест

төсемі), автоматты өрт сөндіру дабылдатқыштарымен қамтамасыз етілуі тиіс. Дабыл бергіш ретінде жылу датчиктерін қолдану ұсынылады [15].

Өрт болған жағдайда өртке қарсы шараларды жанында жанатын материалдар бойынша қолданыңыз.

Химиялық өніммен тудырылған немесе оның орналасуы төңірегінде пайда болған жарылыстарды, тұтануды және өрттерді жою бойынша шаралар: ауаның келуін тоқтатыңыз, өнімнің басқа жанып жатқан заттармен түйісуін болдырмаңыз. Егер өнім жану зонасында қалып қойса, өрт сөндіру қызметін шақырыңыз. Газдарды жұтудан аулақ болыңыз; жел беткей жақты ұстаныңыз; автономды тыныс алу аппаратын қолданыңыз; бөлмені желдетіп, еріген өнімнің канализацияға түсуін болдырмаңыз. Беттік және жер асты суларының өртке қолданған сумен ластануын болдырмаңыз. Егер өнім бар су ағындарына түскен жағдайда дереу жергілікті бақылау органдарына хабар беріңіз.

Жану ошағынан өрттің таралуын болдырмау өртке қарсы тосқауылдар қою және өртті шектейтін құралдар мен жабдықтарды қолдану арқылы жүзеге асырылады [13, 14].

5.3 Өрт сөндіру құралдары: өнім жанбайды. Өрт аймағында айналасындағы материалдарға қолдануға болатын заттарды қолдану керек: жұқа шашыратылған су, өрт сөндіруге арналған құрғақ ұнтақ, көміртегі қостотығы (CO₂), көбік.

5.4 Өртті сөндірудің тыйым салынған құралдары: жоқ. Егер жанында мұнай өнімдері жанып жатпаса, брандспойттан ағатын судың күшті ағыны мен судың өзін қолдануға болады.

Химиялық өнімнің өзімен немесе оның химиялық деструкциясынан түзілетін жану өнімдерінен туындайтын мүмкін ерекше қауіптілік туралы мәлімет: жоғары температураларда өрт аймағында термиялық ыдырағанда уытты газдар мен түтін, көміртегі моно- және диоксидтері түзілуі мүмкін.

5.6 Өртті сөндіргендегі сақтық шаралары: түтінді жұтпаңыз, қауіпті аймақта автономды тыныс алу аппаратынсыз жүруге тыйым салынады. Газдар мен буларды жұқа шашыратылған сумен тұндырады. Жақын маңдағы ғимараттардағы адамдарды эвакуациялау керек, оны уытты газдардың таралуын ескеріп жасаған жөн. Газдар мен булармен уланғанда жылдам медициналық көмекті шақырыңыз. Күйікке асептикалық таңғыш жабу керек [16].

Өрт қоймаларда немесе тасымалдағанда пайда болса, қауіпті аймақты оқшаулап, адамдарды ол жерден шығарып, алғашқы көмек көрсету керек. Егер бұл қауіпсіз және мүмкін болса, контейнерлерді өрт аймағынан шығарыңыз.

5.7 Өрт сөндіру кезіндегі жеке қорғаныс құралдары (өрт сөндірушілердің және персоналдың ЖҚК): өрт сөндіргенде өрт сөндірушілер СПИ-20 өзін-өзі құтқарушысымен бір жинақтағы оттан қорғайтын костюмді пайдалану керек [16].

6. Төтенше жағдайлар кезіндегі шаралар

6.1 Ұжымдық және жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары: жұмыс орындарында аз мөлшердегі төгілген затты жинап алып ары қарай қайта өңдеуге немесе қолдануға жіберіңіз. Төгілген затты қолмен ұстауға, оның үстінде жүруге болмайды. Буларын жұтпаңыз, көзге түсуін болдырмаңыз. Заттардың

қалдықтарын көп мөлшерде сумен жуыңыз. Бөлмені желдету керек. ЖҚҚ қолданыңыз. Бөтен адамдарға кіруге болмайды.

6.2 Қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін сақтық шаралары: заттың су қоймаларына, суағарларға, канализацияға және жертелелерге түсуіне жол бермеңіз. Түскен жағдайда, жергілікті су шаруашылық басқармасына жедел хабар беріңіз.

6.3 ТЖ кезіндегі іс-шаралар, бейтараптандыру және тазарту әдістері: қауіпті аймақты оқшаулаңыз. Бөгде адамдарды жолатпаңыз. Қауіпті аймаққа тек тыныс алу мүшелерін қорғайтын құралдармен ғана кіреді. Төгілген затты жермен оқшаулап, төгілуді абайлап тоқтатыңыз. Сіңіргіш материалдарды қолданып, дұрыс ыдысқа қайта салыңыз. Өнім топыраққа түскенде, оларды топырақпен қоса контейнерге жинап алып ары қарай өңдеуге, жергілікті экологиялық заңнамаларға сәйкес жинап алады. Сылынған топырақтың орнын жаңа топырақпен жабыңыз [16].

Қалдықтарды тағайындалуы бойынша қолдануға болмаса, оларды жою керек (негізінен көму арқылы), арнайы полигондарда немесе жергілікті қоршаған ортаны қорғау органдарымен келісілген жерлерде (ҚП 13 бөлімін қараңыз). Арнайы бейтараптандыру, дезактивациялау және тазарту әдістері қолданылмайды.

Апатты жағдайларда хабарласатын деректер 1 бөлімде берілген.

Өртке қарсы шаралар 5 бөлімде көрсетілген.

ЖҚҚ туралы ақпарат 8 бөлімде.

7. Қолдану және сақтау

7.1 Химиялық өнімді өндіру және қолдану кезінде пайдаланылатын техникалық бақылау құралдарын және қорғау құралдарын пайдалану және тиісті күтіп ұстау. Өндірістік бақылау жүйесі келесі жайттарды ескеру керек: жұмыс орындарында қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың деңгейін және жұмыс аймағы ауасындағы зиянды заттардың концентрацияларын бақылау.

Өніммен жұмыс істегенде:

- жабдықтың сәйкес саңылаусыздығын қамтамасыз ету керек;
- жеткілікті желдетуді қамтамасыз ету керек: жайлар МСТ 12.4.021-75 сәйкес жалпы айналымды және ағымды-сорғыш желдеткішпен жабдықталуы тиіс [1];

- жұту, көзге, теріге тиюден аулақ болу, тері мен көзге тиюін болдырмау үшін жұмысшылар арнайы киіммен және көзілдірікпен қамтамасыз етілуі керек;

- өнімді өндіргенде және қаптамаға салғанда өрт қауіпсіздігінің жалпы шаралары [14] бойынша орындалуы керек;

- өніммен жұмыс істегенде қауіпсіздік техникасының және еңбек гигиенасының жалпы талаптарын орындау керек және жайлардың шаңдануын, қайта-қайта және ұзақ әсерін болдырмау керек, желдетілетін жайларда жұмыс істеу керек; қауіпсіз жұмыс істеу үшін бір ауысымда бір реттен кем емес ылғалмен тазалау жұмыстары жүргізіліп тұруы керек [1].

Электр жабдығына қойылатын арнайы талаптар, статикалық электр тогын жоюға арналған шаралар: электр қауіпсіздігі электр қондырғылары конструкциясымен; қорғаудың техникалық тәсілдерімен және құралдарымен;

электр қауіпсіздігі талаптарына [17] сәйкес ұйымдастыру және техникалық шаралармен қамтамасыз етілуі тиіс.

Статикалық электр тогының әсерін болдырмау үшін [18] талаптарға сәйкес қорғаудың барлық түрлерін қолдану керек.

Қауіпсіз тасымалдау кезіндегі ережелер: өнімді кез-келген көлік түрімен, сол көліктерде орнатылған ережелерге сәйкес тасымалдайды.

Міндетті түрдегі белгі: «Саңылаусыз қаптама», «Ылғалдан қорғаңыз», «Күн көздерінен қорғаңыз»

Сақтауға қойылатын талаптар, мерзімі, жағдайлар: өндіруші тасымалдау және сақтау шарттары бұзылмаса өнімнің стандартқа сәйкестігіне кепілдік береді.

А) өткізбейтін қабырғалар (қоршаулар) мен желдеткіші бар болуын қоса, сақтандырғыш немесе ыдыстар конструкциясының ерекшеліктері: 100 % концентрленген ҚҚС-ты ылғалдан және ластанудан қорғайтын, құрғақ, салқын және жақсы желдетілетін, сәйкеспейтін материалдардан аулақ, жабық қоймаларда сақтайды.

ҚҚС бар ыдысқа атмосфералық жауын-шашынның және ультракүлгін сәулелерінің түсуін болдырмаңыз.

Қойма құрылымының ерекшеліктері жоқ.

б) Үйлесімділігі бойынша ақпарат: ылғалдан қорғаңыз, күшті қышқылдармен, тотықтырғыштармен, негіздермен түйістіруге болмайды [1].

в) Сақтау мен металға олардың әсер етуі кезінде химиялық заттардың бөлінуі туралы ақпарат: сақтағанда металдарға әсер ететін заттар бөлмейді.

г) Температураның, ылғалдылықтың, қысым мен дірілдің рауалы ауқымдары, жарықтандыру (жарықта немесе қараңғыда), ортасы жөніндегі (мысалы, инертті газ ортасында) талаптардың рауалы ауқымдары: сақтау температурасы пластиктен жасалған ыдыста -25°C -тен $+50^{\circ}\text{C}$, ал металдан жасалған ыдыстарда (сыйымдылықтарда) -65°C -тен $+60^{\circ}\text{C}$ -қа дейін. Діріл, жарықтандырылу және ортасы бойынша арнайы талаптар жоқ. Қоршаған орта температурасында және қалыпты ылғалдылықта сақтаңыз [1].

Кепілді сақтау мерзімі: жеке сатылымда жасалған күннен бастап 5 жыл [1].

д) Тұрақтандырғыштарды немесе антиоксиданттарды пайдалану кезінде заттың немесе қоспалардың химиялық құрамы сақталуы (тұрақтылығы) туралы мәлімет: өнімнің химиялық құрамын сақтау үшін тұрақтандырғыштар немесе антиоксиданттар пайдаланылмайды.

е) Қаптамаға қойылатын талаптар және оның салмағы салқындатқыш сұйықтығын көлденең орналасқан тотталмайтын болаттан жасалған резервуарларда, сыйымдылықтарда және металл бөшекелерде минус 65°C төмен емес температурада сақтайды [1], ал пластиктен жасалған ІВС контейнерлер, полиэтилен бөшекелер мен канистраларда минус 20°C төмен емес температурада сақтайды.

Салқындатқыш сұйықтықты құрғақ, таза мырышталмаған болаттан жасалған 100, 200, 216,5 және 275 дм³ құрғақ бөшекелерге, көлемі 1 м³ пластик контейнерлерге, ГОСТ 26155 бойынша коррозияға тұрақты болаттан жасалған бөшекелерге, болаттан жасалған автокөлік және темір жол цистерналарына құяды. Бөшекелер, контейнерлер (тұтынушының ыдысы) толтырылар алдында жуылып, кептірілуі тиіс. Сұйықтықты ыдысқа толық көлемінен 95%-нан асырмай құяды.

Тұтынушы ыдысы: полимер ыдыстар көлемі 1, 5, 10 л, 20 л, 1000 л. [1].

Қаптама өнімнің бүтіндігін қамтамасыз етуі керек.

8. Сәулеленуден қорғау/жеке қорғау

8.1 Өндірістік бақылау жүйесі келесі жайттарды ескеру керек: жұмыс орындарында қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың деңгейін және жұмыс аймағы ауасындағы зиянды заттардың концентрацияларын бақылау.

Жұмыс аймағы ауасындағы шекті рауалы концентрациясы (ШРК_{ж.а.а.}) өнім бойынша мәлімет жоқ, этиленгликоль бойынша 10/5,0 мг/м³ (ағзаға әсері бойынша қауіптіліктің 3 класы) [6].

ШРК_{ж.а.а.} бақылауды ауаны периодты өлшеу әдісі арқылы арнайы бекітілген график бойынша жүргізу керек.

Өндірістік бөлмелердегі микроклимат жылдың барлық мерзімінде жасанды деңгейлерде оңтайлы параметрлер бойынша тұрақталуы керек: температура + 18 - 23, бірақ 27°C көп емес, салыстырмалы ылғалдылық 40 – 60 % және ауаның қозғалыс жылдамдығы 0, 4 м/с көп емес [6].

Өндіру кезіндегі негізгі профилактикалық іс-шаралар шаңмен күреске бағытталған болуы керек.

ЖҚҚ қолдануға дейінгі ұстанатын инженерлік іс-шаралар: ауадағы заттың шектелген құрамын мүмкін деңгейде ұстап тұру үшін инженерлік құралдар пайдалану керек: өндірістік және зертханалық бөлмелерде ағымды-сорғыш желдеткішті пайдалану керек. Өндірістік құрылғылар мен коммуникациялар герметикаланған болуы керек; шаңның түзілуі мүмкін жерлерде жергілікті аспирациялық сорғылармен жабдықталған болуы керек. Өніммен жұмыс істегендегі қауіпсіздік шаралардың толық тізімі 7 бөлімде көрсетілген.

Өніммен жұмыс істейтін персонал қорғаныс киімімен және қол мен аяқты қорғайтын ЖҚҚ-мен қамтамасыз етілуі керек. Арнайы киімді және ЖҚҚ таңдау орындалатын өндірістік жұмыстарына сәйкес таңдаланды [19].

Арнайы киім мен ЖҚҚ орындалатын өндірістік үдеріске сай таңдау керек [1]. Мұздануға қарсы операцияларды орындайтын оператор респиратор қолданып, жел беткей жағынан тұру керек.

Жеке қорғаныс құралдары [20-32]:



Тері жамылғысын қорғау: химикаттардан қорғауға арналған алжапқышты [20], мақта-мата жұмыс киімін пайдалану [21 - 24], арнайы бөтеңкелер [25] мен етіктер [26].

Тыныс алу органдарын қорғау: шаңды ішке жұтуды болдырмау. «ШБ-1 Лепесток» [27], РУ-60 м-В және РУ-60 м-КД [28], РПГ-67 [29] маркалы респираторларды, Ф-82Ш, У-2К, РПГ-1 түрлерін қолдану. Апаттық жағдайларда А және М типті газқағарларды қолдану керек [30].

Көзді қорғау: тығыз жанасатын қорғаныс көзілдірікті пайдалану [31].

Қолды қорғау: резеңке немесе мақта-мата, брезент қолғаптарын пайдалану [32].

Жеке гигиена шаралары: шаңның пайда болуын болдырмау, теріге тигенде кірленген киімді шешіп, теріні сабынды сумен жуу. Жұмыс аймағында көзді

жууға арналған бүрікпе мен душ кабинасы болуы керек. Өніммен жанасқан соң және әрбір ауысым аяқталған соң, сондай-ақ тамақ ішудің, шылым шегудің және дәретханаға барудың алдында қолды жуу керек. Жұмыс орнында тамақ, су ішуге және шылым шегуге болмайды. Тамақ ішетін орындарға кіргенде ластанған киімді және қорғаныс жабдықты шешу керек. Арнайы киімді басқа киімдерден бөлек сақтайды.

Арнайы киім аптасына 1 реттен кем емес сабын-содалы ерітіндіде жуылып тұруы керек. Резеңке қолғап пен көзілдірікті күніге сумен жуып тұрады. Респираторлар мен қолғаптарды қажеттілігі бойынша ауыстырып тұру керек.

9. Физикалық және химиялық қасиеттері

Сыртқы түрі (физикалық күйі)	Механикалық қоспалары жоқ біртекті мөлдір боялған ерітінді [1]
Иісі	Өзіне тән иісі бар
1% ерітіндісінің рН мәні	3 кестені қараңыз
Қайнау температурасы/ауқымы, °C	Мәлімет жоқ
Қату температурасы, °C	3 кестені қараңыз
Тығыздығы, г/см ³	3 кестені қараңыз
Лап етіп тұтану температурасы, °C, (этиленгликоль бойынша)	120 [3]
Өздігінен жалындау немесе жарылу температурасы, °C (этиленгликоль бойынша)	380 [3]
Жалындау кезіндегі күйі (қатты зат, газ)	қолданылмайды
Өздігінен жану шарттары мен мүмкіндігі, °C	қолданылмайды
Тотықтырғыштық қасиеттері	жоқ
Буларының қысымы	қолданылмайды
20°C кезінде судағы ерігіштігі, г/100 мл	Кез-келген мөлшерде
Органикалық еріткіштерде ерігіштігі	Полярлы ерітінділерде ериді
Таралу коэффициенті Н-октанол/ су	қолданылмайды
Ыдырау температурасы, °C	Мәлімет жоқ

Қосымша сипаттамалар 3 кестеде көрсетілген:

3 кесте

Көрсеткіш атауы	Нормалары		
	ОЖ-К	ОЖ -65	ОЖ-50
1. Сыртқы түрі ^{A)}	механикалық қоспалары жоқ біртекті мөлдір боялған ерітінді ^{A)}		
2. 20 °C кезіндегі тығыздығы, г/см ³ немесе Салыстырмалы тығыздығы (Relative density), 15,5 °C (60°F) кезінде	1,101-1,131	1,069-1,099	1,052-1,084
3. Кристалдана бастау температурасы, °C, жоғары емес немесе Кристалдану температурасы (Freezing Point), °C (°F): - сұйылтылмаған (undiluted)	минус 37*	минус 65	минус 40
4. Көбіктенуі:	- 12 (10,4) max.	- 65(-85) max.	- 40 (-40) max.

- 5 минуттан соң көбіктің көлемі, см ³ , көп емес - көбіктің тұрақтылығы, с, көп емес Көбікті түзі мүмкіндігі (Foaming Tendencies) шыны ыдыстағы салқындатқыш сұйықтықтар В), мл/сек, кем емес	30*** 3***	30 3	30 3
5. Сутектік көрсеткіш (рН), аралығында немесе рН, аралығы	7,5 -10,0* 7,5-10*	7,5 -10,0 7,5-10	7,5 -10,0 7,5-10
6. Металдарға коррозиялық әсері С), г/м ² тәулігіне, көп емес: - мыс, жез, болат, шойын, алюминий - дәнекер немесе Шыны ыдыстағы салқындатқыш сұйықтықтардың коррозиялық әсері (Corrosion Test for Engine Coolants in Glass-ware) Сынаманың коррозиядан салмағының азаюы, мг (336 сағат 88°C (190°F) кезінде): Мыс (Copper) , conforming to UNS C11000 (SAE CA110) or UNS C11300 (SAE CA113). Cold-rolled. Жез (Brass) , conforming to Alloy UNS C26000 (SAE CA 260). Болат (Steel) , UNS G10200 (SAE 1020), Chemical composition of the carbon steel is as follows: carbon, 0,17 to 0,23 %; manganese, 0,30 to 0,60 %; phosphorus, 0,040 % max; sulfur, 0,050 % max. Шойын (Cast Iron) , conforming to Alloy UNS F10007 (SAE G3500). Құйылған алюминий (Cast Aluminum) , conforming to Alloy 6UNS A23190 (SAE 329). Дәнекер (Solder) , A brass specimen as described in 6.1.3, coated with solder conforming to Alloy Grade 30A (SAE 3A).	0,1** 0,2** 10max** 10max** 10 max** 10 max** 30 max** 30 max**	0,1** 0,2** 10max** 10max** 10 max** 10 max** 30 max** 30 max**	0,1** 0,2** 10max** 10max** 10 max** 10 max** 30 max** 30 max**
7. Қайнау температурасы (Boiling Point), °C (°F) D)E), кем емес: - 50% ионсыздалған суда (50% in DI water) - сұйылтылмаған (undiluted)	108 (226,4) min 163 (325) min	- -	108 (226,4) min -
8. Механикалық қоспалардың мөлшері, % масс	0,03 көп емес		
Күлдің массалық үлесі (Ash content), % масс	5 max.	2,5 max.	2,5 max.
9. Сілтілігі, см³, кем емес немесе Сілтілігі (сілтілік қоры Reserve Alkalinity) F), см³ (рН=5,5 дейін титрленгенде)	10 2,5 min	-	10 2,5 min
10. Коррозияға динамикалық тест (Simulated Service Test): Салмақтың төмендеуі, мг/тілімшеге J) - мыс, жез, болат, шойын - дәнекер, алюминий	20* 60*	20 60	20 60
